

ТЕКСЕРІЛДІ:
әдіскер Д.Б.Мұхаметьярова

*Утверждено
методист
Д.Мух*

03.04.2026 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 06.04 – 10.04. 2026 жыл (2-апта)

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. Апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.04	Сейсенбі 07.04	Сәрсенбі 08.04	Бейсенбі 09.04	Жұма 10.04
Ата-аналармен әңгімелесу	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Жиһаздар»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні)				
	Көктемгі қауіпсіздік ережелерін сақтау. 1. Көктемде қар еріп, жер тайғақ болады. Балалар жүгірмей, абайлап жүруі керек. 2. Көктемде шатырдан мұздар құлауы мүмкін. Сондықтан ғимараттың дәл жанында тұрмау керек. 3. Қар ерігенде су көп болады. Балалар үлкен суға немесе арықтарға жақындамауы керек. 4. Көктемде күн жылы болса да, жел суық болуы мүмкін. Сондықтан бас киім, күртеше кию керек. 5. Жерде жатқан қауіпті заттарды ұстамау керек. Бір нәрсе тапса, міндетті түрде тәрбиешіге айту қажет. 6. Көктемде гүлдер өсіп, құстар келеді. Гүлдерді жұлмау, құстарды үркітпеу керек.				
	«Күй күмбірі» күй тыңдау Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Қыл кобыз» күйі https://zvyki.com/song/167838905/aza_k_j_-_yl_obyz/				
	«Өнегелі 15 минут» «Құрметтеуді үйренеміз» Ойынның мақсаты: құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.				

	Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады.				
Сөздік минимум	Жиһаз, гауһар, айдаһар Алма, шие, өрік, алмұрт, жүзім. Мен алма жеймін. Мен банан жеймін. Мен шие жеймін. Мен өрік жеймін. Мен алмұрт жеймін.		Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Һ дыбысы» Міндеттері: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге және есте сақтауға, ол сөздерді қолдана білуге; қазақ тіліне тән һ дыбысын айтуға үйрету; тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету</p> <p>- Балалар, «жиһаз», «гауһар тас», «шаһар» сөздерін айтқанда, ерекше естілетін дыбысты байқаймыз. - Бұл қай дыбыс? - Бұл сөздердің құрамында [һ] дыбысы естіледі. - Сол дыбысты бөлек айтайық. Һ - Һ - Һ - Һ - Һ ... Педагог әр балаға дыбысты</p>		<p><u>Мектепалды тобы</u> Тақырыбы: «Сандар» Міндеттері: жиһаз атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; заттардың санын білдіретін сөздерді түсіну, айта білу және оны ауызекі тілде қолдануға үйрету; 10-ға дейін тура және кері санауды бекіту; Неше? Нешеу? деген сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Жаттығу жасайық Бір, екі, үш, бір, екі, үш, Бойға жинап күш. Жаттығу жасап алайық, Бір демалып қалайық.</p> <p>Дидактикалық ойын «Жиһазды көрсет» Үстелді көрсет.</p>		

	<p>айтқызады.</p> <p>«Һ» дыбысының артикуляциясы</p> <p>- [h] дыбысын айтқанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында түрлі кедергілерге ұшырап, ауа қысылып шығады.</p> <p>- Жазуда [h] дыбысын Һ һ әрпі білдіреді.</p> <p>«Сөздерді ата, буындарға бөл» жаттығуы</p> <p>Балаларға айтуға ұсынылатын сөздер: гауһар, қаһар, шаһар, жиһаз, қаһарман, жиһанкез.</p> <p>«Жиһаз», «шаһар», «айдаһар» сөздеріне дыбыстық талдау жасау</p> <p>Сөздегі буын санын, дауысты және дауыссыз дыбыстар санын анықтайды. «Һ» дыбысы сөздің қай жерінде тұрғанын айтады.</p> <p>Қызыл текшемен дауысты дыбыстарды, көк текшемен дауыссыз дыбыстарды белгілейді.</p> <p>«Жаңылтпашты жаңылмай айт»</p> <p>Қаһарлы айдаһар Шаһарға келіп, Қаһарланар.</p> <p>«Пазл құрастыр» әдісі Берліген суреттерді құрастырып сөйлем құрау.</p> <p>Гауһар тас. Гауһар тас әдемі. Айдаһар. Айдаһар зұлым. Шаһар. Үлкен шаһар. Жиһаз. Ағаш жиһаз.</p> <p>Тақпақ жаттау</p> <p>Кітапқұмар Қаһарман</p>	<p>Орындықты көрсет.</p> <p>Кереуетті көрсет</p> <p>Сөрені көрсет.</p> <p>Теледидарды көрсет.</p> <p>Тоңазытқышты көрсет.</p> <p>Ойын: «Кел, санайық»</p> <p>Балалар, бірден бастап онға дейін тура және кері санайықшы.</p> <p>Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.</p> <p>Он, тоғыз, сегіз, жеті, алты, бес, төрт, үш, екі, бір.</p> <p>Біз бүгін 10-ға дейін тура және кері санай білуді дағдыландырамыз.</p> <p>Тақтамен жұмыс:</p> <p>Балалар, мынау не?</p> <p>Мынау – тотықұс.</p> <p>Тотықұсқа орындық керек пе?</p> <p>Тотықұсқа орындық керек емес.</p> <p>Орындық адамдарға керек.</p> <p>Орындық адамдарға не үшін керек?</p> <p>Орындыққа отырады.</p> <p>Мынау – орындық.</p> <p>Мынау – орындықтар.</p> <p>Балалар, тотықұсқа орындықтарды санауды үйретеміз бе?</p> <p>Неше орындық?</p> <p>Бір орындық.</p> <p>Екі орындық.</p> <p>Үш орындық.</p> <p>Төрт орындық.</p> <p>Бес орындық.</p>		
--	--	--	--	--

	<p>Таппай бүкіл шаһардан, Аттай қалап «Қаһарды» Сұрап алды Гауһардан.</p> <p>Қорытынды</p> <p>- Бүгін не үйрендік? - Қандай дыбыспен таныстық? Һ қандай дыбыс екен? - Һ дыбысына байланысты сөздерді айтайық. - Һ дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі?</p>		<p>Балалар, бізге тура және кері санауға күшіктер де көмектеспекші, қане, бірге қайталайық.</p> <p>Күшіктер санамағы</p> <p>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1,</p> <p>Жеке жұмыс (үлестірмелі суреттер) Берілген суреттер ішінен бала суретті алады, педагог «Үстел нешеу?» деп сұрайды. Бала санайды: «1,2,3,4,5. Бес үстел. Менде бес үстел бар» деп жауап береді. Кереует нешеу? Бір, екі, үш. Үш кереует. Менде үш кереует бар. Теледидар нешеу? Бір, екі, үш, төрт. Төрт теледидар. Менде төрт теледидар бар. Сөре нешеу? Бір, екі, үш, төрт, бес, алты. Алты сөре. Менде алты сөре бар. Тоңазытқыш нешеу? Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті. Жеті тоңазытқыш. Менде жеті тоңазытқыш бар.</p> <p>Қорытынды: Жиһаздардың қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді балаларды мақтайды.</p>		
--	---	--	---	--	--

<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> Тыңда, қайтала – Бұл не? – Бұл алма. – Бұл не? – Бұл шие. – Бұл не? – Бұл өрік. – Бұл не? – Бұл алмұрт. – Бұл не? – Бұл жүзім. <u>Мектепалды топ</u> Тақпақ жаттайық Кітапқұмар Қаһарман Таппай бүкіл шаһардан, Аттай қалап «Қаһарды» Сұрап алды Гауһардан..</p>		<p><u>Мектепалды топ</u> Сергіту сәті Күшіктер санамағы 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1, 7, 6, 5, 4, 3, 2,</p>	1	
<p>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>	<p style="text-align: center;">«Асықты топқа бөл» ойыны</p> <p>Мақсаты: Балалардың топтастыру және жүйелеу қабілетін дамыту. Құралдар: Түрлі өлшемдегі асықтар. Ойын ережесі: Балалар асықтарды өлшеміне, түсіне немесе түріне қарай бөліп қоюы керек. Дұрыс бөлген бала жеңімпаз атанады.</p>				